

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



Васви АБДУРАИМОВ,
Милли Фирк халық партиясы
Кенешінің (Кеңесінің) төрағасы:

«БАҚЫТ РҮСТЕМОВ ХАЛЫҚ ДИПЛОМАТЫ ДЕГЕН АТАҚТЫ АБЫРОЙМЕН АТҚАРЫП КЕЛЕДІ»

Қырым татарлары халқының нағыз досы Бақытқожа Төлегенұлы Рүстемов – тағдыры да, қабілеті де ерекше жан. Бұл жерде әртүрлі халықтардың дүниетанымдарынан ортақ идеялар тауып, сол халықтарды бір-бірімен біріктіру қабілетін айтып отырмын. Осы бір орасан зор еңбегі үшін Бақыт Рүстемов әлемнің көптеген елдерінде ресми болмаса да, Халық Дипломаты деген құрметті атаққа ие болды.

Бақыт Рүстемовтің әлемі – бұл шегі мен шеті жоқ, идеологиялық кедергілерден ада ғаламдық әлем. Десек те, «рүстемовше» жаһандандудың – батыс әлеміне тән ізгілендіруге қарсы және жауапкершіліктен айыру сияқты жаһанданумен ортақ ештенесі жоқ.

Бақыт Рүстемовтің жаһандануы – бұл барша адамзат өркениеті үшін бірыңғай болып табылатын жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтап, дамыту үшін әртүрлі, бірақ, тең халықтар мен мәдениеттерді біріктіру.

Дүниетанымы секілді Бақыт Рүстемовтің қызығушылықтары да ұшан-теңіз. Мамандығы бойынша экономист болса да, ол ақын, жазушы, музыкант, публицист, тарихшы, дінтанушы ретінде танымал әрі қажет...

Өздерін осы іспеттес бағыттар мен зерттеу салаларында табысты іске асырғандар саны жер жүзінде санаулы-ақ. Сондықтан да, Бақыт Рүстемовті энциклопедист деп атауға толық негіз бар, қоғамдық және ғылыми тұжырым

салаларына қомақты үлес қосқан адамдарды құрметтегенде осылай атайды екен.

Бақыт Рүстемов Қазақстанда тұрса да, қиырдағы елдер жайлы жазып, үйінде әлемнің түкпір-түкпірінде тұратын адамдарды қонақ етеді. Өзінің ұлы міндеті мен Қазақстанның халық дипломатына тән үлкен еңбегін жоғары бағалаған шетел үкіметтерінің шақыруымен ол көптеген елдерге жеке барған.

Бақыт Рүстемов өмірі мен қызығушылықтарының маңызды бір бөлігі Қырыммен байланысты. Ол Қырымға бірнеше рет келіп, жарты аралдың маңызды қоғамдық оқиғаларына қатысып, репрессияға ұшыраған қырым татарлар халқының құқықтарын қалпына келтіру және тарихи Отанына оралғаннан кейін оларды дамыту мәселелерімен білек сыбана айналысқан.

Әртүрлі халықтардың арасында достық көпірін салып, бір-бірімен таныстырып жүргені үшін қазақтар, кубалықтар, вьетнамдықтар, қытайлар мен арабтар қаншалықты ризашылығын білдірсе, қырым татарлары да Бақыт Рүстемовке дәл осы халықтар сияқты дән риза. Сөйлеген сөздерінің бірінде Бақыт Рүстемов былай деген:

«Әр адам өз орнында отырып, өзінің қоғамы үшін қандай да бір пайдалы іс жасай алады, мысалы, етікші, дәрігер, діншіл адам немесе діншіл емес адам, аула сыпырушы немесе ақын, жұмысшы немесе саясаткер. Бірінші кезекте,



адамның қоғамдағы орны қандай екеніне карамастан, адалдық, әділдік, тәртіп, адал ниеттілік, заңға бағынушылық, халықтың игілігі үшін өзін құрбан етуге дайын болу сияқты қасиеттер талап етіледі.

Бұл жерде сөз мемлекеттік органдарда жұмыс істейтіндер немесе қоғам қайраткерлері туралы ғана емес, сондай-ақ жеке дара нақты іс атқарып жүрген, халқының арманына қолдау көрсетуде эмоциясын білдіріп жүргендер және қарапайым, қатардағы отандастарының мүдделері үшін қамығып жүргендер туралы болып отыр. Олар жер жүзіндегі басқа да адамдар мен халықтарға тілектестігін білдіреді. Елдің болашағы мен жаңа буын, жас ұрпақ үшін алаңдайды. Ол халқының тағдырына немқұрайлы қарай алмайды.

Мінеки, шынайы, нағыз патриотизм дегеніміз осы. Осындай тұлғаларды «өз халқының, өз атамекенінің ұлы немесе қызы» деп айтуға болады».

Осы сөздерді айтқанда Бакыт Рүстемов, бірінші кезекте, ойшыл, қоғам қайраткері, өз Отанының патриоты, бұрқырап қайнап жатқан әлемде өз орнында отырған қарапайым дана Адамды, яғни өзін сипаттап отырғанын білген де жоқ.

Қырым, Сәуір 2014 жыл

Мұндай Эвересттің басына шыққандай еңбек жазып шығу тек жігерлі азаматтың қолынан ғана келеді. Бұл біздің уақытымыздағы ең таңдаулы отандық публицистика. Сондықтан да, бүгінде Қазақстанның да өз Отто Лаңгисі бар деп мақтануға тиісіз

Владимир Коченов
Еуропа және Қазақстан табиғаттану
ғылымы академияларының
академигі, профессор



Құрметті Бақыт Төлегенұлы


Мерейтойыңызға арналған шын жүректен шыққан құттықтауларым мен шын ниетпен айтылған тілектерімді қабыл алыңыз!

Сіз адамдарды, әлем халықтарын және олардың мәдениеттерін жақындастыру бойынша бастама көтеріп жүрген Қазақстан мен Орта Азияның халықтық дипломатиясының көрнекті өкілісіз.

Өз оқырмандарын татулықта, бейбітшілікте және келісімде өмір сүруге шақыратын туыстық әлемдік достастық құру туралы игі ниетіңіз болашақта да халықтардың игілігі үшін нығайтып, дами түседі деген сенімдемін.

Сізге шын жүректен мықты денсаулық, бақыт, игілік, амандық және шығармашылық табыс тілеймін!

Құрметпен,
Қырғыз Республикасының
Қазақстан Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті Елшісі
Э.ОМУРАЛИЕВ



Сауд Аравия Королі Абдалла ибн Абдель Азиз аль-Сауддің жеке қабылдауында болған кезі



Жазушы, халықаралық публицист,
Қазақстан-Куба халықаралық достастық ұйымының
вице-президенті Рүстемов Бақыт мырзаға

Құрметті Рүстемов Бақыт мырза

Сізді Финляндия, Норвегия және Швеция елшілігі атынан 60 жасқа толуыңызбен және шығармашылығыңызға 35 жыл толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтап, құрметтеуге рұқсат етіңіз!

Сізге қажымас қайрат, талмас қанат, тынымсыз еңбек, шығармашылық шабыт, зор бақыт, мықты денсаулық тілейміз. Отаныңыз Қазақстан үшін атқарар ерен еңбектеріңіз көп және жемісті болғай.

Осы сәтті пайдалана отырып сізге мерейтойыңыздың сәтті өтуіне тілектестігімізді және сізге үлкен құрмет көрсететіндігімізді айтып өткіміз келеді

Құрметпен,
Илкка Рэйсэнен, ҚР-дағы Финляндия елшісі
Манне Вэнгборг, ҚР-дағы Швеция елшісі
Оле Йохан Бёрной, ҚР-дағы Норвегия елшісі

11 сәуір 2014 жыл